

**«СӘРСЕН АМАНЖОЛОВАТЫНДАҒЫ ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН
УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ**

**КӘСІБИ ДАЯРЛЫҚ ЖӘНЕ БІЛІКТІЛІКТІ АРТТЫРУ
РЕСУРС ОРТАЛЫҒЫ**

БЕКІТЕМІН:

Басқарма мүшесі – академиялық мәселелер
жөніндегі проректор

_____ **Н.Б. Алимбекова**
«_____» _____ 2024ж.

КЕЛІСІЛДІ:

КДЖБАРО директоры

_____ **Исебаева Б.К.**
«_____» _____ 2024ж.

**ПЕДАГОГТАРДЫҒЫ БІЛІКТІЛІГІН АРТТЫРУ КУРСЫНЫҒЫ
БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ**

Курс атауы: **«Тарихты оқыту әдістемесі»**

Тыңдаушылар санаты: **Тарих пәні мұғалімдері, колледждер оқытушылары**

Сағат саны: **108**

Өскемен, 2024 ж.

Бағдарламаны құрастырған:

Жаманбаева Л.К. тарих магистрі

Рецензенттер:

Нурбекова Р.К. т.ғ.к., к/профессор

Шүршітбай Б. т.ғ.к., к/профессор

Бағдарлама «Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан
университеті» КЕ АҚ Академиялық Кеңесінің отырысында қаралып, бекітілді
Хаттама № _____ 2024 ж.

1. Жалпы ережелер

Педагогтердің біліктілігін арттыру курсының ұсынылған білім беру бағдарламасы (бұдан әрі – Бағдарлама) төмендегі нормативтік құжаттар мен негізгі ережелерді, талаптарды ескере отырып әзірленді:

- «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңы;
- Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 249 қаулысы);

- Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары үшін жалпы білім беру пәндері циклінің үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» (ҚР БҒМ 31.10.2018 жылғы №603 бұйрығы)

Біліктілікті арттыру курстарының бағдарламасы тарих пәні мұғалімдері үшін әзірленген.

Бағдарламаның өзектілігі: білім алушылар нарық заманында мектепте және орта арнаулы білім беретін оқу орындарында тарих және қоғамдық пәндерді іс тәжірибеге бағыттап, табысты оқыту үшін және олардың болашақта кәсіби құзыреттіліктерін қалыптастыруға негіз болып саналады.

Бағдарлама бойынша оқудың жалпы көлемі 108 сағатты құрайды.

2. Глоссарий

Автоматтандырылған ақпараттық жүйе (ААЖ) - ақпараттандыру саласы, механизм мен технология, өңдеудің, сақтаудың, іздеудің және тұтынушыға ұсынудың тиімді құралы.

Әдістеме - педагогика ғылымының жеке пәндерден берілетін білім көлемі мен мазмұнын негіздеп, оны оқытудың тиімді әдістерін зерттейтін бір саласы. Тұтасынан алғандағы жас ұрпақты тәрбиелеу мен оқыту үдерісінің заңдылықтарын дидактика зерттейді. Ол заңдылықтардың жеке пәндерді оқытудағы көрінісін және әр пәнді оқытудың өзіне ғана тән заңдылықтарын пәндік дидактика қарастырады. Бұлардың әрқайсысына тән өзіндік ерекшеліктеріне байланысты оқыту әдістемелері бар.

Бағалау — оқытудың құрамдас бөлігі және қорытындылау сатысы. Бағалау, бір нәрсенің деңгейін, сапасын, дәрежесін белгілеу. Оны оқушының оқу-таным әрекетінде қарастырсақ оқыту процесінің міндеттерін оқушылардың қандай дәрежеде меңгеруі, дайындық деңгейі мен дамуын, білімдерінің сапасын, білік пен дағды көлемін анықтайтын құрал.

Бақылау - кең көлемде бір нәрсені тексеру деген мағынаны білдіреді. Бақылау оқыту процесінде оқушылардың оқу әрекетіне басшылық жасау қызметін атқарады, олардың шығармашылық күші мен қабілетінің дамуына ықпал етеді.

Бейне контент – мақсатты аудиторияның қажеттіліктеріне және оның перспективті дағдыларына негізделген бейне. Қарапайым тілмен айтқанда, бұл

сіздің мақсатты аудиторияңызға қажет пайдалы бейне және оны міндетті түрде көреді.

Бейне сабақ - мультимедиялық технологияларды қолдана отырып, білім беру процесі. Бұл жағдайда мұғалімнің рөлі тірі адамды емес, виртуалды немесе кадр артындағы дауысы ғана естіледі. Сабақтың әдеттегі формасынан айырмашылығы, бейне сабақ - бұл қызығушылықтарын арттыратын оқу процесі.

Білім - адамзаттың жинақталған тәжірибесі, заттар мен құбылыстарды, табиғат пен қоғам заңдарын тану нәтижесі. Білімді жеке адамның игілігіне айналдыру үшін, оны ойлау операциясы — талдау, синтездеу, салыстыру, жіктеу және жинақтау арқылы терең ұғыну қажет. Оқушы ойлау операциясына сүйеніп, өз білімін шындыққа айналдырады.

Білім беру мазмұны - жан-жақты үйлесімді дамыған тұлғаны қалыптастыруға бағытталған, педагогикалық адаптацияланған білім, іскерлік, дағдылардың, шығармашылық іс-әрекет тәжірибесі мен эмоционалдық-жігерлік қатынас тәжірибесінің жиынтығы немесе жүйесі.

Дағды - бұл қайта-қайта орындалатын практикалық әрекетте машықтандыру.

Дидактика - («*didaktikas*» - оқытушы, «*didasko*» - оқушы) грек тілінен аударғанда оқыту мен үйрету деген мағынаны білдіреді, білім беру мен оқыту мәселелерін зерттейтін оқыту теориясы, педагогика ғылымның саласы.

Дидактикалық принциптер — оқытудың негізгі мазмұнын, ұйымдастыру тәсілдерін, әдістерін мақсатына, заңдылықтарына сай орындайтын қағидалар жүйесі.

Емтихан — оқушылардың білімін қорытынды тексерудің және бағалаудың арнаулы формасы.

Заңдылық — дегеніміз құбылыстар мен процестер арасындағы объективті, маңызды, қажетті, жалпы, берік, белгілі жағдайда қайталанап отыратын өзара байланыс.

Кейс технологиясы - оқу-әдістемелік материалдарының қағаз, электронды және басқа тасымалдаушы және таратушы арқылы оларды білім алушыларға өз бетінше оқу құралдарының жиынтығына (кейстеріне) негізделген технология;

Мемлекеттік білім беру стандарты — мемлекеттік нормалар деп танылған және қоғам сұраныстары мен тұлға қажеттігі мен мүмкіндіктеріне сай білім деңгейін анықтайтын негізгі көрсеткіштер жүйесі.

Оқу жоспары — оқу жылының, тоқсандардың, демалыс күндерінің мерзімін, оқытылуға тиісті оқу пәндерінің тізімін, әрбір оқу жылы /сыныптар/ бойынша оқу тәртібін және ретін, әрбір пәнге бүкіл оқу мерзімінде және апта сайын әр пәнге бөлінетін сағаттардың мөлшерін анықтайтын нормативтік құжат.

Оқу бағдарламасы — оқу пәніне байланысты білім, іскерлік, дағдылардың мазмұнын ашатын нормативтік құжат. Оқу бағдарламасы оқу жоспары негізінде жасалады.

Оқулық — оқу бағдарламасына сай оқу пәнінің мазмұнын жүйелі түрде баяндайтын кітап.

Оқыту – оқушыны білімдендіру, тәрбиелеу, дамыту мақсатына бағытталған алдын-ала жоспарланған іс-әрекет. Оқыту — қазіргі заман талаптарын ескере отырып, оқушы тұлғасын, білім, іскерлік, дағдыларды меңгерте отырып, мақсатты қалаптастару мен дамыту процесі.

Оқыту үдерісі — бұл білім беру, тәрбиелеу және дамыту міндеттерін іске асыруға бағытталған оқытушы мен оқушыарасындағы мақсат бағдарлы өзара байланысты іс-әрекет.

Оқытуды ұйымдастыру формасы — оқыту процесінің мақсаттары мен міндеттерін іске асырудағы мұғалім мен оқушылардың іс-әрекетінің сыртқы көрінісі.

Оқыту әдістері — оқытудың мақсатты міндеттеріне сай оның мазмұнын оқушыларға меңгертуде мұғалім мен оқушылардың қолданатын амал-тәсілдері мен құралдарының жиынтығы.

Оқу тәсілдері — оқыту әдісінің құрамды бөлігі немесе бір қыры, яғни жалпы «әдіс» түсінігіне байланысты жалқы ұғым.

Оқу құрал-жабдықтары — бұл білім алу, ептіліктерді қалыптастыру көздері. «Оқу құрал – жабдықтары» түсінігі кең және тар мағынада қолданылады. Тар мағынада бұл түсінік оқу және көрнекі құралдары, көрсетпе жабдықтар, техникалық саймандар және т.б. байланысты. Ал кең мағынада оқу құрал-жабдықтары деп білім мақсатын іске асыруға көмекші жағдаяттардың бәрі деп түсінеміз, яғни оқыту әдісі, формасы, мазмұны, сонымен бірге оқудың арнайы бұйымдарының бәрі осы оқу жабдықтарын құрайды.

Педагогикалық технологиялар — теориялық білімдерді тұтас педагогикалық үрдістің қызметін практика жүзінде іске асыруға бағытталған және сол үрдіс нәтижелерін кезеңдер бойынша өлшеп, тұлғаның да, ұжымның да даму динамикасын көруге болатын, педагогтар мен оқушылардың өздерін-өздері дамытуларына мүмкіндік тудыратын жүйелі іс-әрекеттер кешені.

Сабақ – мазмұны, уақыты, ұйымдастырылуына қарай аяқталған оқыту үрдісінің бөлігі.

Сабақ – ол ұжымдық оқыту формасы, оған оқушылардың тұрақты құрамы, шектелген оқу уақыты (45 минут), алдын-ала құрылған сабақ кестесі, оқу жұмысын бір ғана материал төңірегінде ұйымдастыру тән.

Сабақ құрылымы — сабақтың барысында оның құрамдас бөліктерінің, кезеңдерінің бір-бірімен ұштасып, белгілі тәртіппен жүзеге асырылуы.

Сандық білім беру ресурстары (бұдан әрі - СББР) - интербелсенді формада оқытуды қамтамасыз ететін оқытылатын пәндер мен (немесе) модульдерге арналған дидактикалық материалдар: фотосуреттер, бейнероликтер, статикалық және динамикалық модельдер, виртуалды шындық пен интербелсенді модельдеу объектілері, дыбыстық жазбалар және басқа да цифрлық білім беру материалдары;

Сандық контент - сандық оқу материалдарының ақпараттық мазмұны (мәтіндер, сызбалар, мультимедиа және басқа да ақпараттық маңызды мазмұн).

Сынақ – қорытынды бақылаудың айырықша түрі, ол белгілі бір тарау немесе тақырып бойынша атқарылған оқу жұмыстарының бүкіл өн бойында мұғалім қолданған тексерудің барлық түрлерін ескере отыра қойылады.

Электрондық оқулық - білім беру үдерісінде қолданылатын және дәстүрлі қағаз оқулығын алмастыратын арнайы құрылғы немесе бағдарламалық қамтамасыз ету. Қазіргі уақытта «электрондық оқулық» сөз тіркесін түсіндіру өте кең: кейбір жағдайларда қағаз оқулығының электрондық нұсқасы, кейбіреулерінде – оқушыларға мәтіннен басқа, білімді тексерудің интерактивті блоктары бар, Орталықтандырылған көзден және т. б. жаңартылып отыратын электрондық құрылғылардағы бағдарламалардың күрделі кешені.

Электрондық оқыту (e-learning) - бұл білімді беру және жаңа ақпараттық және телекоммуникациялық технологиялардың көмегімен оқыту процесін басқару. Электрондық оқыту процесінде ақпаратты жеткізудің интерактивті электрондық құралдары, көбінесе интернет және компаниялардың корпоративтік желілері пайдаланылады, бірақ мысалы, компакт-дискілер сияқты басқа да тәсілдер алынып тасталмайды.

Іскерлік - алған білім негізінде оқушылардың практикалық әрекетінің іске асырылуы. Білімсіз қандай болса да іскерлік болуы мүмкін емес.

Kundelik.kz - оқушыларды, ата-аналарды, мұғалімдерді және білім беруді басқару органдарын біріктіретін электрондық күнделік. Kundelik.kz – бұл Қазақстан Республикасы бойынша бірыңғай білім беру интернет порталы.

3. Бағдарлама тақырыбы

Педагогикалық кадрлардың біліктілігін көтеруге арналған курстың тақырыбы: «Тарихты оқыту әдістемесі» (бұдан әрі – Бағдарлама).

4. Бағдарламаның мақсаты, міндеттері, күтілетін нәтижелері

Бағдарламаның мақсаты: тарих пәні мұғалімдеріне қазіргі білім беру мазмұнына сай оқытудың сапасын, нәтижелілігін қамтамасыз ету мақсатында тиімді оқыту мен оқуды оқушылардың оқу жетістіктерін бағалаумен тұтас бірлікте зерделеу.

Міндеттері:

- Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарына сай осы заманғы оқытуға қойылатын талаптар мен нормативті-құқықтық актілерге талдау жасау;

- тарих сабағында қолдануға болатын әдіс-тәсіл түрлерін зерделеу, жинақтау, саралау, қалыптастырушы бағалауды тиімді қолдана алуға бағыт-бағдар бере отырып, оқу үдерісіне жаңашылдықты енгізу;

- тарихи пәндер бойынша тарихи ойлау дағдыларды қалыптастыру және оқу мақсаттарын тиімді жүзеге асыру, тарихи концептілер негізінде оқыту үшін ақпараттық технологияларды қолдануды меңгерту;

- мультимедиялық технологияларды, түрлі компьютерлік бағдарламаларды, модельдеуді және т. б. тарих сабақтарын білім алушылар үшін қызықты әрі тиімді ету үшін пайдалануды меңгерту;

- тәрбие, оқу-әдістемелік және зерттеу жұмыстарының дағдыларын дамыту;

- пәннің оқу мақсаты, тілдік мақсаттар, сабақ мақсаты, спираль қағидаты, саралауды қолдану жолдарын қарастыру;
- әлеуметтік, саяси, мәдени, психологиялық білімді кәсіптік қызметте пайдалану дағдыларын үйрету;

Күтілетін нәтижелер:

Курс барысында тыңдаушылардың бойында төмендегідей құзыреттіліктер қалыптасуы керек:

- әлеуметтік және оқыту үрдісінде қалыптасқан және өздігінен іс-әрекетке табысты қатысуына бағытталған білім мен тәжірибеге негізделген жеке тұлғаның іс-әрекетке даярлығы мен жалпы қабілеттерінен байқалатын интегралды қасиетін біледі.

- **дифференциалды (сараптамалық):** *арнайы құзыреттілігі – Қазақстан Республикасының Білім және Ғылым министрлігінің жалпы білім беру нормативтік-теориялық негіздерінің стандарттарына сай оқу үрдісін ұйымдастыра біледі, педагогикалық бақылау, ОМЖ, ҰМЖ, ҚМЖ құрастыра алу, оны талдауға дайындау бағытында қолданылатын нормативті құжаттармен жұмыс істеу біліктілігін игеру дағдысы қалыптасады.*

- **жеке тұлғалық:** Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасына (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 249 қаулысы) сәйкес оқу-тәрбие процесі білім берудің заманауи моделін құрудың ғылыми-теориялық негізі гуманистік парадигманың тұжырымдамалық идеяларын жүзеге асыруға бағытталған тұлғалық-белсенділік және құзыреттілік тәсілдерге негізделіп жүзеге асырылады.

- құндылықтарға бағдарланған, тұлғаға бағдарланған, іс-әрекеттік, саралап оқыту, коммуникативтік тәсілдерді, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану

- «Тарихты оқыту әдістемесі» **курсын** тыңдаушы кәсіби әрекет бағдарларын өз бетінше анықтап, дербес іс-қимыл жасаудың жоғары деңгейіне жетеді; әлеуметтік белсенділікке ие болады; кәсіби тұрғыдан өз еңбегінің нәтижелеріне жауапкершілікпен қарайды.

- Курсты оқып үйрену қазіргі тарихи ақпараттық кеңістік, IT-технологиялар, тарихи ақпаратпен жұмыс істеу әдістері мен нысандары саласындағы *дағдылары қалыптасады.*

- Жалпы білім беретін мектептердегі оқу, тәрбие жұмыстарын жүргізудің оңтайлы әдіс-тәсілдерін зерттеу үлгілерін алу және дайындау әдістері, оқушылардың оқу ынтасының артуына әсер ететін факторларды анықтау, ізденіс жұмыстарына қатысты ақпараттарды өз бетінше іздестіру біліктілік *әдістерін меңгереді.*

- Құзыреттілік шеңберіндегі негізгі қарым-қатынас дағдылары; ғылыми ақпаратты өз бетінше іздеу және талдау және оны зерттеу тәжірибесінде қолдану мүмкіндігі қалыптасады.

5. Бағдарламаның құрылымы мен мазмұны

Белгіленген мақсаттар мен міндеттерге сәйкес тыңдаушылардың бойында кәсіби білім, іскерлік икем-дағдыларды қалыптастыру үшін Бағдарлама 6 модульді игеруді және курс жобасын қорғауды көздейді.

Бағдарламада әлемдік педагогика ғылымындағы жаңа әдістемелерді меңгерту көзделген. Педагогке курс барысында ұсынылған «Тарихты оқыту әдістемесі» бойынша оқу материалдарын өз тәжірибесінде және жұмыс орнында пайдалануға мүмкіндік беріледі.

Педагогтерді оқыту кәсіптік білім беруге арналған педагогикалық шешімдерді, пәнді оқытудың инновациялық технологияларын, білім алушыларға бағдарлауды, ғылыми-теориялық және практикалық мысалдарды қамтиды.

Біліктілікті арттыру курсы барысында тыңдаушылардың педагогикалық қызметінде пайдалану үшін жұмыс әдістері мен практикадан мысалдар ұсынылады.

Курстың жалпы көлемі 108 академиялық сағатты құрайды.

108 сағаттық курста оқу ұзақтығы 2 айды құрайды. Бұл ретте теориялық-практикалық оқыту 60 сағаттан, тыңдаушының өзіндік жұмысы (жұмыс орнындағы практика) – 36 сағаттан, мониторинг, аралық, қорытынды бақылауда курс жобасын дайындау және қорғау, курстан кейінгі қолдау – 12 сағаттан тұрады.

6. Оқу үдерісін ұйымдастыру

Бағдарлама бойынша оқу үдерісін ұйымдастыру күндізгі (теориялық және практикалық) және (немесе) қашықтықтан (онлайн) сабақтар өткізуді, сондай-ақ тыңдаушының өзіндік жұмысы мен жұмыс орнындағы практикасын көздейді. Білім беру үдерісінің тиімділігін арттыру үшін бағдарламаны іске асыру инновациялық білім беру технологиялары, оның ішінде ақпараттық-коммуникациялық технологиялар, бағалау, оқыту және бақылау нысандары, тәсілдері, әдістері негізінде жүзеге асырылады.

Бағдарлама кері байланыс пен рефлексияны, оқытудың белсенді және интерактивті әдістерін қолдануды көздейді: дидактикалық ойындар, нақты жағдайларды талдау, проблемалық мәселелерді шешу, миға шабуыл, кейс-стади, пікірталастар, рөлдік ойындар, диалогтық алаң, жобалар әдісі, проблемалық әдістер қолданылады.

6.1 Бағдарламаның жоспары

П/п	Модуль бойынша жұмыс түрлері	Сағат саны	Ескертпелер
1.	Дәрістер	30	
2.	Практикалық сабақтар	30	
3.	Зертханалық жұмыстар		
4.	Тыңдаушының өзіндік жұмысы	26	
5.	Жұмыс орнында атқарылатын жұмыс	10	

6.	Мониторинг	2	
7.	Аралық бақылау	2	
8.	Қорытынды бақылау	4	
9.	Курс аяқталғаннан кейінгі қолдау	4	
	Барлығы	108	

6.2. Дәрістер

№	Дәріс атауы	Дәріс мазмұны	Сағат саны	Ескертпе
1	«Тарихты оқыту әдістемесі» курсына кіріспе	«Тарихты оқыту әдістемесі» курсының мақсаты мен міндеттері. Тарихи пәндерді оқытудың жаңа технологияларын оқыту заңдылықтары. Мектептегі тарих пәнінің теориялық және әдіснамалық негізі. Жаңартылған білім мазмұны бойынша тарих мұғалімінің тәжірибиелік әрекетіне қойылатын нормативтік оқу-әдістемелік талаптар. Тарихты оқыту әдістемесінің тарих ғылымы, педагогика, педагогикалық психология және мектеп тәжірибесімен байланысы. Тарихты оқыту әдістемесінің мұғалім үшін маңызы. Мектептегі білім беруді ұйымдастыру мәселесін тарихи тұрғыдан қарастыру қажеттілігі.	2	
2	ҚР мектептегі тарихи білім беруді дамытудың заманауи стратегиясы	Қазақстандағы мектептегі тарихи білім берудің заманауи жүйесі. ҚР тарихи білім беру реформасы. Тарихи білім берудің мақсаттары, міндеттері, негізгі бағыттары мен іске асыру жолдары. Білім беру стандарты, оқу жоспарлары және орта мектеп бағдарламалары. Тарихты оқытудағы құзыреттілік тәсіл.	2	

3	ҚР мектептегі тарихи білім беру мәселелері бойынша нормативтік құжаттарды зерделеу	«Білімді ұлт» сапалы білім беру» ұлттық жобасы, «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттары», «Қазақстан тарихы» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы, «2023-2024 оқу жылында ҚР жалпы орта білім беру ұйымдарындағы оқу-тәрбие процесінің ерекшеліктері туралы» әдістемелік нұсқау хатты талдау.	2	
4	Қазақстан Республикасында орта білім мазмұнын жаңарту шеңберінде «Дүниежүзі тарихы», «Қазақстан тарихы» пәндерін оқытудың ерекшелігі	«Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығына сәйкес «Адам және қоғам» білім беру саласының құрылымы және бұл саланың маңыздылығының себептері. «Қазақстан тарихы» және «Дүниежүзі тарихы» пәндерінің білім алушылардың қоғамның тарихи және мәдени аспектілерін және олардың қазіргі заманға әсерін түсінудегі, құндылық бағдарларын қалыптастыру және сыни тұрғыда ойлауын дамытудағы маңызы.	2	
5	Қазақстан Республикасының Білім беру жүйесіндегі	Қазақстандағы білім беру жүйесінің барлық деңгейлерде қарқынды түрде жаңғыру үрдісінің маңызы. Білім мен кәсіби дағдылар қазіргі заманғы білім беру жүйесінің негізгі бағдары ретінде. Білім беруді	2	

	инновациялық үрдістер	басқару жүйесі қазіргі заманғы басқару құралдары мен басқарудың қағидаттары. ҚР білім беру саласын басқарудың инновациялық үлгілерінің дамуы. Педагогикалық инновациялық технологиялардың шартты түрлері. Оқу үдерісінде белсенді оқу әдістерін қолдану. «Қазақстан тарихы», «Дүниежүзі тарихы» пәндерін оқытуда белсенді оқу әдістерін қолданудың маңызы. Пәнді оқытуда оқушылардың қажеттіліктерін анықтау және ескеру.		
6	Тарихи сана мен ойлауды дамыту ерекшеліктері	Тарихты зерттеп оқудағы өркениеттік көзқарас. Тарихты оқыту бағдарламасының басты бағыттары мен міндеттері. Тарихи ойлауды дамытудағы тарихи концептілер. Тарихи концептілер негізінде оқытуда күтілетін нәтижелер. Зерттеу сұрағы: талдау және шешу. Тарих сабақтарында зерттеу іс-әрекетін ұйымдастыру.	2	
7	Тарихты оқыту жұмыстарын ұйымдастыру формалары	Сабақ - оқушы мен мұғалім іскерлігінің, әдістемелік тәсілдер, мазмұнының жиынтығы, оқыту жұмысын ұйымдастырудың негізгі формасы, Тарихи тақырыптың мазмұны, бөлімі, курс жүйесіндегі сабақтың орны. Қазіргі тарих сабағына қойылатын талаптар. Тарих бойынша сабақ түрін тандауға шартты түрде өткізілетін сабақ түрлері мен факторлар. Оқыту процесінде сабақты өткізу ерекшеліктері. Сабақтың түрлері. Семинар сабақтар. Ықпалдастық сабақтар.	2	

		Тарих сабағының дидактикалық жабдықтары. Тарих сабағына мұғалімнің дайындалуы. Тақырыптық сабақты жоспарлау. Сабақты бағалау критерийлері. Тарихты сабақтан тыс оқытуды ұйымдастыру формалары. Оқу саяхаттары, кеңестері, сынақтар.		
8	Сабақты ұйымдастыру, тарих сабағына қойылатын талаптар	Тарихы оқытудың дидактикалық принциптері. Тарих сабағының типтері. Сабақ жоспарын құру әдістері. Сабақты жоспарлауда басшылыққа алатын қағидаттар. Сабақ құрылымы: уәж туындату, өткен тақырыпты бекіту, жаңа материалды игеру, бағалау, сабақты қорытындылау (дебрифинг, рефлексия). Сәтті сабаққа қойылатын талаптар. Сәтті сабақты қамтамасыз ететін қағидаттар. Тарихын оқытудың дәстүрлі емес түрлері. Тарихи уақыт, тарихи кеңестік, тарихи қозғалыс ұғымдары. Пән бойынша ОӘК: оқулық, жұмыс дәптері және мұғалімге арналған әдістемелік құрал. Тарих сабақтарында ақпаратпен жұмыс істеу дағдыларын дамыту. Оқулық мәтінімен жұмыс.	2	
9	Тарихты оқытуда көрнекі құралдарды қолдану әдістемесі	Тарихты көрнекілік құралдармен оқытудың функциясы мен мәні. Тарих пәндері бойынша көрнекі құралдарды классификациялау (топтастыру) пәндік көрнекілік, (бейнелеу) суретті көрнекілік, шартты-графикалық (схемалық) көрнекілік. Тарих	2	

		сабақтарында оқу картинасымен жұмыс істеу тәсілдері. Тарих оқулықтарындағы иллюстрациямен жұмыс істеу тәсілдері. Тарихты оқытудағы шартты көрнекілік. Картамен жұмыс. «Картаны оқу» шеберлігі, картамен жұмыс істеу методикасы. Баспа мәтіндері. Тарих сабағында оларды пайдалану әдістері. Қолдан көрнекілік жасау. Тарихты оқытудың аудиовизуалдық құралы. Тарих пәні сабағында оларды қолдану әдістері.		
10	Тарих сабағында ақпараттық және білім беру ортасын жобалаудың жалпы негіздері	Мектептің ақпараттық-білім беру ортасын құрудың өзектілігі. Ақпараттық және білім беру ортасы ақпараттық-білім беру кеңістігінің бөлігі ретінде. «Білім беру ортасы» ұғымы. Оқу-тәрбие процесінің тиімділігін арттырудағы ақпараттық-білім беру ресурстары мен құралдары жүйесінің маңызы. Ақпараттық орта аясындағы субъективті, ресурстық және технологиялық орталардың өзара әрекеттесуі. Субъективті орта - білім беру процесіне қатысушылардың қарым-қатынасы мен өзара әрекеттесу саласы. Ресурстық орта - ресурстық білім беру әлеуеті шоғырланған сала. Ресурстық орта оқу-әдістемелік кешенді немесе кешенді (ОӘК), дидактикалық компьютерлік ортаны (КҚД) және әлеуметтік-мәдени білім беру ресурсын (СКОР) қамтиды. ББ технологиялық ортаның маңыздылығы.	2	

11	Заманауи педагогтің АКТ құзыреттілігін қалыптастыру, оқыту мен үйретуде АКТ технологияларды қолдану тиімділігі	«Ақпараттық технология» ғымы. «Ақпараттық технология» ғымыны берілген түрлі анықтамалар (В. Глушков, А.Горячев, Р. Әбдірәсілова) және олардың мәні. Сандық технологияларды қолдану негізінде мұғалімнің АКТ құзыреттілігін қалыптастыру мәселесі. Ақпаратты алу, бағалау, сақтау, өндіру, ұсыну, алмасу үшін қолдану және ол ақпаратты Интернет желісінде бірлескен жұмысқа қатысу үшін жібере білу.	2	
12	Тарих сабақтарында тарихи мәліметтер мен құжаттарды пайдалану	Тарихты оқытудағы құжаттардың рөлі мен мәні. Тарихты оқытуда қолданылатын құжаттық-материалдың негізгі түрлері. Оқушылардың тарихи құжаттармен жұмыс істеу тәсілдері. Құжаттық материалдың жіктелуі. Тарихи құжаттар мен мәліметтерді зерттеу әдісі. Мәліметті конспектілеу. Тарихи мәліметтермен, құжаттармен жұмыс істеу арқылы оқушылардың зерттеушілік дағдысын қалыптастыру, ойлау қабілетін жетілдіру. Жиынтық бағалаудағы тарихи дереккөздердің рөлі мен орны. Тарих сабақтарында оқушылардың тарихи /құқықтық мәліметтермен жұмыс істеу дағдыларын дамыту. Деректермен, оқиғалармен, құбылыстармен және үдерістермен жұмыс. Тарихи оқиғаларды, үдерістерді, құқықтағы тәжірибелік жағдаяттарды сыни талдау және бағамдау	2	

		дағдыларын дамытуға арналған жаттығулар.		
13	Тарихты оқытудағы пәнаралық байланыстар. Өлкетану материалдарын пайдалану	Пәнаралық және курсішілік байланыстардың дидактикалық мәні. Олардың білім жүйесін қалыптастырудағы рөлі, дүниетанымдық идеяларды түсіну және игеру. Тарих курстарының пәнаралық байланыстары мазмұнының негізгі аспектілері. Пәнаралық байланыстарды орнатудың әдістемелік тәсілдері мен құралдары. Өлкетану және аймақ материалдарын пайдаланудың мақсаттары, міндеттері мен тәсілдері. Тарихты оқыту процесінде өлкетану материалдарын және аймақты пайдаланудың білім беру, тәрбиелік және дамытушылық мүмкіндіктері. Өлкетану және аймақ материалдарын тиімді пайдаланудың әдістемелік жолдары.	2	
14	Тарихты оқытуда дарынды және алымы нашар оқушылармен жұмысты ұйымдастыру әдістемесі	Қазақстанның білім кеңістігін дамытудағы оқушылардың таланты мен қабілетін ашып, оларды оқыту барысында дамытудың маңыздылығы. Жоғары жетістіктерді анықтайтын және ынталандыратын бірқатар өңірлік, ұлттық, халықаралық сайыстар мен бағдарламалар жүргізіледі. Талантты және дарынды балаларды оқытуды дамыту үшін анағұрлым инклюзивті тәсілдерді қолдану. Алымы нашар оқушылармен тарих пәнінен олқылықтарды жою бойынша жұмыстарда АКТ қолдану мәселесі.	2	

15	Тарихты оқытуда қалыптастырушы бағалау жұмыстарын ұйымдастыру әдістемесі	Критериалды бағалау қағидаттары. Критериалды бағалау жүйесінің мазмұны. Қалыптастырушы және жиынтық бағалауға арналған тапсырма дайындау және өзін-өзі бағамдау. АКТ арқылы қалыптастырушы бағалау оқыту мен оқудың стратегияларын айқындау. Оқушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес оқыту және оқуда АКТ қолданудың тиімді жолдары.	2	
			30	

6.3. Практикалық сабақтар (Workshop)

№	Сабақтың атауы	Сабақ мазмұны	Сағат саны	Ескертпе
1	«Тарихты оқыту әдістемесі» курсына кіріспе	Пәннің мақсаты мен міндеттері. Қазіргі ғылыми әдебиеттегі «педагогикалық технология» түсінігі. Оқыту технологиясының сипаттамалары. Қазіргі оқыту технологияларына қойылатын әдістемелік талаптар. Тарихты оқытудағы ақпараттық технологиялар	2	
2	ҚР мектептегі тарихи білім беруді дамытудың өзекті мәселелері	Қазақстандағы мектептегі тарихи білім берудің заманауи жүйесі. ҚР тарихи білім беру реформасы. Тарихи білім берудің мақсаттары, міндеттері, негізгі бағыттары мен іске асыру жолдары. Тарихты оқыту үдерісінде тарихи білімді, іскерлікті және дағдыларды қалыптастыру. Тарихты оқытудың әдіс-	2	

		тәсілдері. Оқыту әдістерінің жіктелуі. Тарихты оқытудың дидактикалық негіздері.		
3	ҚР мектептегі тарихи білім беру мәселелері бойынша нормативтік құжаттарды зерделеу	«Білімді ұлт» сапалы білім беру» ұлттық жобасы. ҚР Үкіметінің 22.09.2023 №828 қаулысы. «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы №348 бұйрығы. 23.09.2022 ж №406 бұйрығымен енгізілген өзгерістер. Қазақстан тарихы, дүние жүзі тарихының стандартына шолу. «Қазақстан Республикасында бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» (ҚР БҒМ 8.11.2012 ж. № 500 бұйрығы, ҚР Оқу-ағарту министрінің 12.08.2022 ж. № 365; 30.09.2022 ж. №412 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен) 16 қосымша. «Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін негізгі орта білім берудің (төмендетілген оқу жүктемесімен) үлгілік оқу жоспары; «2023-2024 оқу жылында Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарында оқу процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы»: Әдістемелік нұсқау хаттан тарих пәндерін оқыту мәселелеріне шолу жасау.	2	

4	Оқыту әдіс-тәсілдері ұғымы	Тарихты оқытудың әдіс-тәсілдері. Оқыту әдістерінің жіктелуі. Тарихты оқытудың дидактикалық негіздері. Тарихты оқытудың әдістемелік тәсілдері. Оқыту әдістерінің оқыту мақсаты, меңгерту амалы және оқыту субъектілерінің өзара әрекеттесу сипаттары. Әдіс – оқу-тәрбие жұмыстарының алдында тұрған міндеттерді дұрыс орындау үшін мұғалім мен оқушылардың бірлесіп жұмыс істеу үшін қолданатын тәсілдері. Тәсіл ұғымы.	4	
5	Оқу мақсаттарын айқындау мәселесі	Мақсат - субъектінің саналы ұмтылысының нақты объектісі, соңғы нәтижеге бағытталатын процесс. Жаңартылған оқу бағдарламасы бойынша сабақтың мақсаттарын айқындау ерекшеліктері. Сабақтың SMART жоспары. Оқу мақсаттарының жүйесі.	2	
6	Тиімді оқыту және оқу	Оқыту мен оқудағы жаңа тәсілдер: Мұғалімдер қалай оқу керектігін үйретеді. Сыныптағы диалогтің маңызы. Қалай оқу керектігін үйрену. Сын тұрғысынан ойлауға үйрету. Талантты және дарынды балаларды оқыту. Оқушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес оқыту және оқу. Оқытуды басқару және көшбасшылық.	2	
7	Тарихты оқытудағы тілдік мақсаттар	Тілдік мақсаттар академиялық тілді үйрену үшін маңызды құрал ретінде. Академиялық тілді меңгеруге қолдау көрсету үшін қойылатын мақсаттар.	2	

		Оқушылардың тілдік дағдылардың барлық төрт түрін түрлі комбинацияда қолдану жолдары.		
8	Тарихты оқыту жұмыстарын ұйымдастыру формалары	Сабақ. Сабақтың түрлері, типтері. Тарих пәндерін оқытудың дидактикалық принциптері. Тарих сабақтарының типтері. Сабақ жоспарын құру әдістері. Сабақты жоспарлауда басшылыққа алатын қағидаттар. Сабақ құрылымы: уәж туындату, өткен тақырыпты бекіту, жаңа материалды игеру, бағалау, сабақты қорытындылау (дебрифинг, рефлексия). Сәтті сабаққа қойылатын талаптар. Сәтті сабақты қамтамасыз ететін қағидаттар. Ричард Дарант «Үздік сабақтың алты белгісі». Тарихты оқытудың дәстүрлі емес түрлері. Тарихи уақыт, тарихи кеңестік, тарихи қозғалыс ұғымдары.	2	
9	Оқытуда көрнекті құралдарды және компьютерлік техниканы пайдалану	Көрнекілік және көрсетілім әдісін қолдану. Оқыту мен оқуда ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану. Тарих сабағында картамен жұмысты ұйымдастыру. АКТ қолдану барысындағы санитарлық нормалар. STEAM-тарихи мәліметтермен жұмыс жасауды үйрету. ZOOM, YouTube, әлеуметтік желілер эфирлерін пайдалана отырып онлайн сабақтарды ұйымдастыру әдістемесі: жаңа тақырыпты түсіндіру, оқу тапсырмаларын орындау	2	

		бойынша нұсқаулық. «Күнделік» ААЖ-мен жұмыс. Білімді бақылау және тексеру мақсатында көп функциялы Google-құжат, Padlet, ClassTime қосымшаларын пайдалану технологиясы		
10	Тарихи сана мен ойлауды дамыту ерекшеліктері.	Тарихи сананы қалыптастырудағы өзекті мәселелер. Тарихты зерттеп оқудағы өркениеттік көзқарас. Қазақстан тарихы және дүниежүзі тарихы пәндері бойынша білім мазмұны іқағидаттары: тарихилық принцип, ғылымилық принцип, спиральдік принципі. Тарихи ойлау дағдылары мен концептілер және оларды тиімді жүзеге асыру жолдары. Тарихи ойлау дағдыларын дамытуда ақпараттық тезнологияларды қолдану мүмкіндіктері.	2	
11	Тарих сабақтарында тарихи мәліметтер мен құжаттарды пайдалану	Тарихты оқытудағы құжаттардың рөлі мен мәні. Тарихта оқытуда қолданылатын құжаттық-материалдық негізгі түрлері. Оқушылардың тарихи құжаттармен жұмыс істеу тәсілдері. Құжаттық материалдың жіктелуі. Тарихи мәліметтердің сипаты: авторы, уақыты, жанры, негізгі идеялары, тақырыптары мен көркемдік ерекшеліктерін анықтау.	2	
12	Тарихты оқытудағы педагогикалық тәсілдер, пәнаралық байланыстар.	Тарих курстарының пәнаралық байланыстары мазмұнының негізгі аспектілері. Пәнаралық	2	

	Өлкетану компоненттері	байланыстарды орнатудың әдістемелік тәсілдері мен құралдары. Өлкетану және аймақ материалдарын пайдаланудың мақсаттары, міндеттері мен тәсілдері. Мұражай педагогикасы. Мұражайдағы сабақтың мақсат міндеттері. Жүйелі-әдістемелік кешенмен жұмыс.		
13	Lesson Study/ Сабақты зерттеу	Lesson Study әдістемесінің тарихына шолу. Lesson Study теориялық негіздері. Lesson Study жоспарлау, өткізу, талдау. Lesson Study өткізуде тарих пәнінің ерекшелігін ескеретін мәселелер.	2	
14	Тарихты оқытуда дарынды және алымы нашар оқушылармен жұмыста ақпараттық технологияны тиімді қолданудың жолдары	Аксиологиялық, тұлғаға бағытталған, сараланған, іс-әрекет, жүйелік тұрғылар, оқытудың дидактикалық ұстанымдар. Психологиялық-педагогикалық қолдау қызметі. Дарынды оқушылармен жұмыс және даралай оқыту. Үлгерімі төмен білім алушылармен жұмыс.	2	
			30	

6.4. Зертханалық жұмыс қарастырылмаған

6.5 Тыңдаушының өзіндік жұмысы

№	Тақырып атауы	ТӨЖ мазмұны	Сағат саны	Ескертпе
1	Білім беру мазмұнын жаңарту аясында тарих пәнін оқытудың ғылыми-әдістемелік негіздері	Оқытудан күтілетін нәтижелерді бағалау	1	Тезис

2	ҚР мектептегі тарихи білім беруді дамытудың заманауи стратегиясы	Тарихи білім беруді талдау	1	SWOT талдау
3	ҚР мектептегі тарихи білім беру мәселелері бойынша нормативтік құжаттарды зерделеу	Студенттердің құжаттар ішінен негізін анықтауға үйрету	1	Тезис
4	Қазақстан Республикасында орта білім мазмұнын жаңарту шеңберінде «Дүниежүзі тарихы», «Қазақстан тарихы» пәндерін оқытудың ерекшелігі	Венн диаграммасы	1	
5	Тиімді оқыту және оқу	ІТ-технологияларды қолдануға тарих пәнінен 1 тапсырма жасау	2	Жазбаша
6	Тарихты оқыту жұмыстарын ұйымдастыру формалары	ІТ-технологияларды қолдануға тарих пәнінен 1 тапсырма жасау	2	презентация
7	Оқытуда көрнекті құралдарды және компьютерлік техниканы пайдалану	ІТ-технологияларды қолдануға тарих пәнінен 1 тапсырма жасау	2	Аралық бақылау
8	Тарихи сана мен ойлауды дамыту ерекшеліктері	Қазақстан тарихы пәнінен 1 сабаққа электронды контент жасау	2	Цифрлық жинақталған
9	Тарих сабақтарында тарихи мәліметтер мен құжаттарды пайдалану	Тарих сабақтарында зерттеу іс-әрекетін ұйымдастыру. Зерттеуге негізделген оқу және дәлелдеу. Ғылыми-әдістемелік тұрғыда тарихи дереккөздерді қолдану.	2	презентация

10	Ежелгі дүние және орта ғасырлар тарихын оқытудың ерекшеліктері	РАФТ	2	эссе
11	Жаңа және қазіргі заман тарихын оқытудың ерекшеліктері	Тыңдаушылардың өз бетімен жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру	2	Сабақ үлгісіне презентация
12	Ұғымдардың арақатынасы. Сабақты ұйымдастыру жайы, сабақты ұйымдастыру ережесі, Қазақстан тарихы сабағына қойылатын талаптар. Қазақстан тарихын оқытудың дидактикалық принциптері.	Әдістемелік нұсқаулықты зерделеу	2	Глоссарий жазу.
13	Блум таксономиясы. Критериалды бағалау. Саралау	Студенттердің өз бетімен жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру	2	Қалыптас-тырушы бағалау тапсырмасын жасау
14	Тарихты оқытудағы пәнаралық байланыстар. Өлкетану материалдарын пайдалану	ҚМЖ жасау (1 сабаққа)	2	Жазбаша түрде тапсыру
15	Білім беру сапасын арттыру мәнмәтінінде оқудың мазмұны мен әдістерін жетілдіру	Ғаламтордың әлеуметтік желілеріндегі, БАҚ құралдарындағы мақалаларды талдау	2	Контент анализ
			26	

7. Оқу-әдістемелік жағынан жабдықталуы

7.1. Дәріс конспектісі

1 тақырып. «Тарихты оқыту әдістемесі» курсына кіріспе

«Тарихты оқыту әдістемесі» курсының мақсаты мен міндеттері. Тарих пәнін оқыту әдістемесінің психология мен педагогика, қоғамдық гуманитарлық пәндер жүйесіндегі орны. Тарихи пәндерді оқытудың жаңа технологияларын оқыту заңдылықтары. Мектептегі тарих пәнінің теориялық және әдіснамалық негізі. Жаңартылған білім мазмұны бойынша тарих мұғалімінің тәжірибиелік әрекетіне қойылатын нормативтік оқу-әдістемелік талаптар. Тарихты оқыту әдістемесінің тарих ғылымымен, педагогикамен, педагогикалық психологиямен және мектеп тәжірибесімен байланысы. Тарихты оқыту әдістемесінің мұғалім үшін маңызы.

Тақырыпты өз бетімен меңгеруге арналған әдебиеттер: 8,9,10, 12, 13.

2 тақырып. ҚР мектептегі тарихи білім беруді дамытудың заманауи стратегиясы

Қазақстандағы мектептегі тарихи білім берудің заманауи жүйесі. ҚР тарихи білім беру реформасы. Тарихи білім берудің мақсаттары, міндеттері, негізгі бағыттары мен іске асыру жолдары. Білім беру стандарты, оқу жоспарлары және орта мектеп бағдарламалары. Тарихты оқытудағы құзыреттілік тәсіл.

Тақырыпты өз бетімен меңгеруге арналған әдебиеттер: 8,9,10, 12, 13.

3 тақырып. ҚР мектептегі тарихи білім беру мәселелері бойынша нормативтік құжаттарды зерделеу

«Білімді ұлт» сапалы білім беру» ұлттық жобасы, «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттары», «Қазақстан тарихы» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы, «2023-2024 оқу жылында ҚР жалпы орта білім беру ұйымдарындағы оқу-тәрбие процесінің ерекшеліктері туралы» әдістемелік нұсқау хатты талдау.

Тақырыпты өз бетімен меңгеруге арналған әдебиеттер: нормативтік құжаттар 1-7

4 тақырып. Қазақстан Республикасында орта білім мазмұнын жаңарту шеңберінде «Дүниежүзі тарихы», «Қазақстан тарихы» пәндерін оқытудың ерекшелігі

«Мәңгілік Ел» патриоттық актісі. Жаңартылған жалпы білім беру бағдарламасының мазмұны. Оқу бағдарламасы мен оқу жоспарының құрылымы. Білім беру бағдарламасының спиральділік қағидаты. Оқу бағдарламасы: оқу мақсаттары және ұзақ мерзімді жоспар. Орта мерзімді және қысқа мерзімді жоспарлау. Қысқа мерзімді жоспардың құрылымы. Оқу мақсаттары, тілдік мақсат, құндылықтар.

Тақырыпты өз бетімен меңгеруге арналған әдебиеттер: 8,9,10, 12, 13.

5 тақырып. Қазақстан Республикасының Білім беру жүйесіндегі инновациялық үрдістер

Қазақстандағы білім беру жүйесінің барлық деңгейлерде қарқынды түрде жаңғыру үрдісінің маңызы. Білім мен кәсіби дағдылар қазіргі заманғы білім беру жүйесінің негізгі бағдары ретінде. Білім беруді басқару жүйесі қазіргі заманғы басқару құралдары мен басқарудың қағидаттары. ҚР білім беру саласын басқарудың инновациялық үлгілерінің дамуы. Педагогикалық инновациялық технологиялардың шартты түрлері. Оқу үдерісінде белсенді оқу әдістерін қолдану. «Қазақстан тарихы», «Дүниежүзі тарихы» пәндерін оқытуда белсенді оқу әдістерін қолданудың маңызы. Пәнді оқытуда оқушылардың қажеттіліктерін анықтау және ескеру.

Тақырыпты өз бетімен меңгеруге арналған әдебиеттер: 8,9,10, 12, 13.

6 тақырып. Тарихи сана мен ойлауды дамыту ерекшеліктері

Тарихты зерттеп оқудағы өркениеттік көзқарас. Оқу бағдарламасы базалық тарихи ойлау дағдыларын: тарихи деректердің интерпретациясы, уақыт пен кеңістікте бағдарлану, тарихи талдау және түсіндіруді қалыптастыруға бағытталған. Тарихи ойлауды дамытудағы тарихи концептілер. Тарихи концептілер негізінде оқытудың күтілетін нәтижелері: «Өзгеріс пен сабақтастық», Себеп және салдар», «Дәлел», «Ұқсастық пен айырмашылық», «Маңыздылық», «Интерпретация». Зерттеу сұрағы: талдау және шешу. Тарих сабақтарында зерттеу іс-әрекетін ұйымдастыру.

Тақырыпты өз бетімен меңгеруге арналған әдебиеттер: 12,19,21, 25,26.

7 тақырып. Тарихты оқыту жұмыстарын ұйымдастыру формалары

Сабақ - оқушы мен мұғалім іскерлігінің, методикалық тәсілдердің, мазмұнының жиынтығы, оқыту жұмысын ұйымдастырудың негізгі формасы, Тарихи тақырыптың мазмұны, бөлімі, курс жүйесіндегі сабақтың орыны. Сабақ -. Қазіргі тарих сабағына қойылатын талаптар. Тарих бойынша сабақ түрін тандауға шартты түрде өткізілетін сабақ түрлері мен факторлар. Оқыту процесінде барлық сыныптарды қамтитын, жан - жақты сабақты өткізу ерекшеліктері. Мұғалім баяндаған жаңа материалды түсіну сабақтары. Дағды мен шеберлікті қалыптастыру білімділікті тексеру сабақтары. Жалпылама немесе қайталама- жалпылау сабақтары. Білімділік пен шеберлікті тексеру сабақтары. Семинар сабақтар. Ықпалдастық сабақтар. Тарих сабағының дидактикалық жабдықтары. Тарих сабағына мұғалімнің дайындалуы. Тақырыптық сабақты жоспарлау. Сабақтың жұмыс жоспары мен оның негізгі компоненттері. Сабақты бағалау критериясы. Тарихты сабақтан тыс оқытуды ұйымдастыру формалары: факультативтер, тарихи үйірмелер, тарихи олимпиадалар, «КӨО» (кеңілді өнертапқыштар отауы), конференциялар, пікірсайыстар. Жоғарғы сыныптардағы семинарлық және практикалық сабақтар. Оқу саяхаттары, кеңестері, сынақтар.

Тақырыпты өз бетімен меңгеруге арналған әдебиеттер: 12-16, 21,26.

8 тақырып. Сабақты ұйымдастыру, тарих сабағына қойылатын талаптар

Тарих пәндерін оқытудың дидактикалық принциптері. Тарих сабақтарының типтері. Сабақ жоспарын құру әдістері. Сабақты жоспарлауда

басшылыққа алатын қағидаттар. Сабақ құрылымы: уәж туындату, өткен тақырыпты бекіту, жаңа материалды игеру, бағалау, сабақты қорытындылау (дебрифинг, рефлексия). Сәтті сабаққа қойылатын талаптар. Сәтті сабақты қамтамасыз ететін қағидаттар. Ричард Дарант «Үздік сабақтың алты белгісі». Қазақстан тарихын оқытудың дәстүрлі емес түрлері. Тарихи уақыт, тарихи кеңестік, тарихи қозғалыс ұғымдары.

Тақырыпты өз бетімен меңгеруге арналған әдебиеттер: 12-16, 21,26.

9 тақырып. Тарихты оқытуда көрнекі құралдарды қолдану әдістемесі

Тарихты көрнекілік құралдармен оқытудың функциясы мен мәні. Тарих сабақтарында оқу картинасымен жұмыс істеу тәсілдері. Тарих оқулықтарындағы иллюстрациямен жұмыс істеу тәсілдері. Тарихты оқытудағы шартты көрнекілік. Пәндік көрнекілік және оның танымдық құндылығы. Картамен жұмыс. «Картаны оқу» шеберлігі, картамен жұмыс істеу методикасы. Шартты белгілер, символдар және шартты тыныс белгілер. Оқушылардың тарихи білім алуындағы компьютердің ролі. Тарих пәні бойынша компьютерлік бағдарламалар қарастыру. Кино-фото құжаттарын, кезендік баспа материалдарын пайдалану. Баспадағы тарихи мәліметтермен жұмыс әдістері. Баспа мәтіндері. Тарих сабағында оларды пайдалану әдістері. Қазақстан тарихы пәні бойынша көрнекі құралдарды классификациялау (топтастыру) пәндік көрнекілік, (бейнелеу) суретті көрнекілік, шартты-графикалық (схемалық) көрнекілік. Қолдан көрнекілік жасау. Қазақстан тарихын оқытудың аудиовизуалдық құралы. Қазақстан тарихы пәні сабағында оларды қолдану әдістері. Тарихи-өлкетану материалдарын оқытуда көрнекіліктің ролі.

Тақырыпты өз бетімен меңгеруге арналған әдебиеттер: 12-16, 21,26.

10 тақырып. Тарихты оқытуда көрнекті құралдарды қолдану әдістемесі

Тарихты көрнекілік құралдармен оқытудың функциясы мен мәні. Тарих пәндері бойынша көрнекі құралдарды классификациялау (топтастыру) пәндік көрнекілік, (бейнелеу) суретті көрнекілік, шартты-графикалық (схемалық) көрнекілік. Қолдан көрнекілік жасау. Тарих сабақтарында оқу картинасымен жұмыс істеу тәсілдері. Тарих оқулықтарындағы иллюстрациямен жұмыс істеу тәсілдері. Тарихты оқытудағы шартты көрнекілік. Пәндік көрнекілік және оның танымдық құндылығы. Картамен жұмыс. "Картаны оқу" шеберлігі, картамен жұмыс істеу методикасы. Шартты белгілер, символдар және шартты тыныс белгілер. Оқушылардың тарихи білім алуындағы компьютердің ролі. Тарих пәні бойынша компьютерлік бағдарламалар қарастыру. Кино-фото құжаттарын, кезендік баспа материалдарын пайдалану. Баспадағы тарихи мәліметтермен жұмыс әдістері. Баспа мәтіндері. Тарих сабағында оларды пайдалану әдістері. Тарихты оқытудың аудиовизуалдық құралы, оларды қолдану әдістері. Тарихи-өлкетану материалдарын оқытуда көрнекіліктің ролі.

Тақырыпты өз бетімен меңгеруге арналған әдебиеттер: 3,12-16, 21,26.

11 тақырып. Тарих сабағында ақпараттық және білім беру ортасын жобалаудың жалпы негіздері

Мектептің ақпараттық-білім беру ортасын құрудың өзектілігі. Ақпараттық және білім беру ортасы ақпараттық-білім беру кеңістігінің бөлігі ретінде. «Білім беру ортасы» ұғымы. Оқу-тәрбие процесінің тиімділігін арттырудағы ақпараттық-білім беру ресурстары мен құралдары жүйесінің маңызы. Ақпараттық орта аясындағы субъективті, ресурстық және технологиялық орталардың өзара әрекеттесуі. Субъективті орта - білім беру процесіне қатысушылардың қарым-қатынасы мен өзара әрекеттесу саласы. Ресурстық орта - ресурстық білім беру әлеуеті шоғырланған сала. Ресурстық орта оқу-әдістемелік кешенді немесе кешенді (ОӘК), дидактикалық компьютерлік ортаны (КҚД) және әлеуметтік-мәдени білім беру ресурсын (СКОР) қамтиды. ББ технологиялық ортаның маңыздылығы.

Тақырыпты өз бетімен меңгеруге арналған әдебиеттер: 3,12-16, 21,26.

12 тақырып. Заманауи педагогтің АКТ құзыреттілігін қалыптастыру, оқыту мен үйретуде АКТ технологияларды қолдану тиімділігі.

«Ақпараттық технология» терминін академик В.М. Глушков енгізген. Білім беру процесін ақпараттандыру оқушыға білім берумен байланысты болғандықтан, В. Глушковтың анықтауынша, «Ақпараттық технологиялар» ақпаратты өңдеумен байланысты процестер болып табылады. Білім беруде компьютерді және оның құралдарын пайдалана бастаған кезде оқытудың ақпараттық технологиялары ұғымы пайда болуы. А.Горячевтің тұжырымы / «Ақпараттық технология» - мәтіндік редактор, электрондық кесте, мәліметтер базасы, графиктік редактор, мультимедия және коммуникациялық технологиямен сипатталады/. Р. Әбдірәсілова болса, «Ақпараттық технологияны» оқыту құралдары жүйесінің элементі деп қарастырады. Сандық технологияларды қолдану негізінде мұғалімнің АКТ құзыреттілігін қалыптастыру мәселесі. Ақпаратты алу, бағалау, сақтау, өндіру, ұсыну, алмасу үшін қолдану және ол ақпаратты Интернет желісінде бірлескен жұмысқа қатысу үшін жібере білу. Білімді жаңаша беру мүмкіндіктерін жасау (педагогикалық іс-әрекетті өзгерту), білімді қабылдау, білім сапасын бағалау, оқу-тәрбие үрдісінде магистранттың жеке тұлғасын жан-жақты қалыптастыру үшін ақпараттық технологияның қосымшасы.

Тақырыпты өз бетімен меңгеруге арналған әдебиеттер: 3,12-16, 21,26.

13 тақырып. Тарих сабақтарында тарихи мәліметтер мен құжаттарды пайдалану

Тарихты оқытудағы құжаттардың рөлі мен мәні. Тарихта оқытуда қолданылатын құжаттық-материалдық негізгі түрлері. Оқушылардың тарихи құжаттармен жұмыс істеу тәсілдері. Құжаттық материалдың жіктелуі. Актілік құжаттар, баяндаушы - сипаттаушы құжаттар, көркем сөз естеліктері. Тарихи құжаттар мен мәліметтерді зерттеу әдісі. Мәліметті конспектілеу. Тарихи мәліметтердің сипаты: авторы, уақыты, жанры, негізгі идеялары, тақырыптары мен көркемдік ерекшеліктерін анықтау. Тарихи мәліметтермен, құжаттармен

жұмыс істеу оқушылардың зерттеушілік дағдысын қалыптастыру, ойлау қабілетін жетілдіру. Жиынтық бағалаудағы тарихи дереккөздердің рөлі мен орны. Қазақстан тарихы, Дүниежүзі тарихы сабақтарында оқушылардың тарихи/кұқықтық мәліметтермен жұмыс істеу дағдыларын дамыту. Пән бойынша ОӘК оқулық, жұмыс дәптері және мұғалімге арналған әдістемелік құралдан тұрады. Тарих сабақтарында ақпаратпен жұмыс істеу дағдыларын дамыту. Оқулық мәтінімен жұмыс. Деректермен, оқиғалармен, құбылыстармен және үдерістермен жұмыс.

Тарихи оқиғаларды, үдерістерді, құқықтағы тәжірибелік жағдаяттарды сыни талдау және бағамдау дағдыларын дамытуға арналған жаттығулар.

Тақырыпты өз бетімен меңгеруге арналған әдебиеттер: 4,5,12-16, 21,26.

14 тақырып. Тарихты оқытудағы пәнаралық байланыстар. Өлкетану материалдарын пайдалану

Тарихты оқыту үдерісінде тарихи білімді, іскерлікті және дағдыларды қалыптастыру. Пәнаралық және курсішілік байланыстардың дидактикалық мәні. Олардың білім жүйесін қалыптастырудағы рөлі, дүниетанымдық идеяларды түсіну және игеру. Тарих курстарының пәнаралық байланыстары мазмұнының негізгі аспектілері. Пәнаралық байланыстарды орнатудың әдістемелік тәсілдері мен құралдары. Өлкетану және аймақ материалдарын пайдаланудың мақсаттары, міндеттері мен тәсілдері. Тарихты оқыту процесінде өлкетану материалдарын және аймақты пайдаланудың білім беру, тәрбиелік және дамытушылық мүмкіндіктері. Өлкетану және аймақ материалдарын тиімді пайдаланудың әдістемелік жолдары.

Тақырыпты өз бетімен меңгеруге арналған әдебиеттер: 4,5,12-16, 21,26.

